

«Мұхамеджан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы		
	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы туралы ереже П-01-2026	Шығарылған күні: 26.01.2026 ж. Редакция: 02	
		Бет 1 / 14	Ауыс. ____



«БЕКІТЕМІН»

Басқарма төрағасы – Ректор
«Мұхамеджан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ
2025 жылғы «26» Қаңтар


БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫН БАҒАЛАУ ЛАБОРАТОРИЯСЫ ТУРАЛЫ П-01-2026

Дайындалды:

«Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау» зертханасының меңгерушісі

 Дюсембин Е.А.
2025 жылғы «26» Қаңтар

Үлгілер саны: 1
Экземпляр №1

Алматы, 2026 ж.

«Мұхамеджан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы		
	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы туралы ереже П-01-2026	Шығарылған күні: 26.01.2026 ж. Редакция: 02	
		Бет 2 / 14	Ауыс. ____

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	3
2. Ұйымдық құрылым	3
3. Негізгі міндеттер	4
4. Функциялар	4
5. Құқықтар	5
6. Міндеттер	6
7. Жауапкершілік	7
8. Сыртқы ұйымдармен өзара әрекеттесу	8
9. Қосымша А. Басқару ұйымдық құрылымы	9
10. Өзгерістерді тіркеу қағазы	10
11. Танысу парағы	11
12. Өзгерістерді танысу парағы	12

«Мұхамеджан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы		
	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы туралы ереже П-01-2026	Шығарылған күні: 26.01.2026 ж. Редакция: 02	
		Бет 3 / 14	Ауыс. ____

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау лабораториясы (әрі – ЭҚЕЖБЗ) «Мұхамеджан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ-мы (әрі – Университет) құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.2 ЭҚЕЖБЗ Қазақстан Республикасының аккредиттеу жүйесінде аккредиттелген сынақ зертханасы ретінде жарияланған аккредиттеу саласына сәйкес тіркелген. Аккредиттеу куәлігі №KZ.T.02.E1297 13.09.2022 ж. берілген, 13.09.2027 ж. дейін жарамды.

1.3 ЭҚЕЖБЗ-ның меңгеруші (БЖ үшін жауапты) басқарады, ол тікелей Университет басшылығына бағынышты болады, ЭҚЕЖБЗ қызметін ұйымдастырады және бақылайды, сондай-ақ кәсіпорынның басқа бөлімшелерімен өзара әрекеттестікті қамтамасыз етеді.

Өнімді сынау ұйымдастыру және өткізу, нәтижелерін талдау және рәсімдеу зертхана құзыретіне жатады.

1.4 Өз қызметінде ЭҚЕЖБЗ Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңнамасына (Қазақстан Республикасының заңдары: «Техникалық реттеу туралы», «Өлшем бірліктерінің біртұтастығын қамтамасыз ету туралы», «Сәйкестікті бағалау саласында аккредиттеу туралы»), «Қазақстан Республикасының стандартизациясы туралы Заңы», ұйымдастырушылық (шешімдер, бұйрықтар, уәкілетті мемлекеттік органның тапсырмалары) және мемлекеттік жүйелердің нормативтік-әдістемелік құжаттарына: техникалық реттеу, өлшем бірліктерінің біртұтастығын қамтамасыз ету (әрі қарай - ГСИ РК) және ГОСТ ISO/IEC 17025-2019 стандартының талаптарына, кәсіпорынның Жарғысына, Сапа жөніндегі нұсқаулығына және осы Ережеге сүйенеді.

1.5 ЭҚЕЖБЗ туралы ереже ЭҚЕЖБЗ персоналының негізгі міндеттерін, функцияларын, жауапкершіліктерін, құқықтары мен міндеттерін анықтайды.

1.6 ЭҚЕЖБЗ қызметкерлерін қабылдау және жұмыстан босату, лауазымдық нұсқаулықтарды бекіту және оларға жалақы мөлшерін белгілеу Университет Басқарма Төрағасы-Ректорының құзыретінде.

1.7 ЭҚЕЖБЗ штаттары тиісті білімі, кәсіби даярлығы, біліктілігі және сынақ өнімін сәйкестік бағалау саласында жұмыс жүргізу тәжірибесі бар мамандармен толықтырылады. Олардың міндеттері, құқықтары және жауапкершілігі қызметтік нұсқаулықтармен анықталады.

1.8 ЭҚЕЖБЗ ішіндегі қызметкерлер арасындағы міндеттерді бөлу ЭҚЕЖБЗ меңгерушісі тарапынан Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры бекітетін қызметтік нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады.

1.9 ЭҚЕЖБЗ қызметкерлері өз қызметтік орнына сәйкес келетінін куәландыратын аттестациядан және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтан кейін жұмысқа рұқсаты бар.

«Мұхамеджан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы		
	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы туралы ереже П-01-2026	Шығарылған күні: 26.01.2026 ж. Редакция: 02	
		Бет 4 / 14	Ауыс. ____

1.10 ЭҚЕЖБЗ қызметкерлерінің біліктілігін арттыру өнімнің сәйкестігін бағалау және сапа, ақпараттық семинарлар, тәжірибелік тағылымдамалар, арнайы оқу-әдістемелік орталықтар базасындағы менеджмент жүйелері (бұдан әрі - БЖ) бойынша біліктілікті арттыру курстарында оқыту арқылы қамтамасыз етіледі.

1.11 Өнімді сынау ұйымдастыру және өткізу, нәтижелерін талдау және рәсімдеу зертхана құзыретіне жатады.

2. ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

2.1 ЭҚЕЖБЗ құрылымын және штат саны Университеттің Басқарма төрағасы-ректоры анықтайды.

2.2 ЭҚЕЖБЗ ұйымдық құрылымы осы Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы туралы Ереженің А Қосымшасында келтірілген.

3. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР

3.1 ЭҚЕЖБЗ -ның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- Қазақстан Республикасы техникалық реттеу мемлекеттік жүйесінің нормативтері мен «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредитация туралы» Заңға сәйкес сынақ жүргізу;
- сынақтарды толық және дұрыс өткізуін қамтамасыз ету, нәтижелердің объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз ету;
- БЖ үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету;
- сынақ әдістемелері мен бағдарламаларын, сынақ әдістері мен құралдарын, сынақты өткізуге арналған нормативтік және технологиялық құжаттарды әзірлеу және жетілдіру;
- үлгілерді сынау жүргізу, сынақ қорытындылары мен хаттамаларын рәсімдеу;
- қызметкерлердің жаңа зерттеу және сынау әдістерін меңгеру бойынша үздіксіз біліктілігін арттыру;
- ЭҚЕЖБЗ жұмысының жылдық жоспарларын және есептерін әзірлеу, оларды белгіленген тәртіппен бекітуге ұсыну.

4. ФУНКЦИЯЛАР

4.1 Қазақстан Республикасының техникалық реттеу мемлекеттік жүйесі мен аккредиттеу жүйесі арқылы белгіленген нормативтік талаптарға сәйкес «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Заң талаптарына сай жұмыстарды ұйымдастыру және орындау.

4.2 Сынақ жұмыстарын толық және дұрыс жүргізуді, сынақтар мен өлшеу нәтижелерінің объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз ету.

4.3 БЖ-нің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

4.4 Өнім номенклатурасын аккредитация саласына сәйкес сынау жүргізу.

«Мұхамеджан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы		
	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы туралы ереже П-01-2026	Шығарылған күні: 26.01.2026 ж. Редакция: 02	
		Бет 5 / 14	Ауыс. ____

4.5 Сынақтың жаңа түрлерін меңгеру арқылы сынақтан өтетін өнімнің түрлерін арттыру және кеңейту. Сынақ сапасын жақсарту және зертхананың қызмет саласын кеңейту үшін жаңа әдістерді әзірлеу

4.6 Сынақтардың жағдайын талдау жүргізу және қол жеткізілген сапа деңгейін бағалау.

4.7 Жұмыста қолданылатын нормативтік құжаттардың деңгейін талдау жүргізу, оларды жою, қолдану мерзімін шектеу немесе қайта қарау туралы ұсыныстарды дайындау.

4.8 Сынау және өлшеу жабдықтарын іске қосу, сақтау және оларды тиісті деңгейде ұстау, олардың пайдалану қасиеттерін зерттеу.

4.9 Сынақтарды өткізу барысында олардың толықтығы мен объективтілігін, нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз ету.

4.10 Қызметті тапсырыс берушімен келісілген тәртіп пен сынақ жүргізу мерзімдерін сақтау, сондай-ақ олардың жүргізілуінің құпиялылығын қамтамасыз ететін шарттарды орындау.

4.11 Қызметті тапсырыс берушіге әдістемелік және консультациялық көмек көрсету.

4.12 Өнімді сынақ зертханасында тексеруден өткізілгендігі туралы ақпаратты жинау, сақтау, жүйелеу және тапсырыс берушіге ұсыну.

4.13 ЭҚЕЖБЗ қызметі бойынша жұмыстар/қызметтерді сатып алу туралы тапсырыс берушілермен жасалған келісім-шарттар аясында жұмыстарды орындауды үйлестіру, келісім-шарттар бойынша жұмысты бірге орындаушы серіктестермен өзара әрекеттестікті жүзеге асыру, олардың міндеттемелерін уақытында орындауын бақылау.

4.14 Еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік санитария және өртке қарсы қорғау бойынша шараларды іске асыру.

4.15 Мәжбүрлі түрде белгіленген тәртіпте уәкілетті мемлекеттік органға қажетті ақпаратты ұсыну.

4. ҚҰҚЫҚ

ЭҚЕЖБЗ құқыққа ие:

– жарнамалық материалдарда, әртүрлі құжаттарда (сынақ нәтижелері бар құжаттарда қоса алғанда) Қазақстан Республикасының аккредиттеу жүйесінде аккредиттелгенін көрсету;

– басқа ұйымдармен сынақ жұмыстарын жүргізу бойынша келісім-шарттар мен келісімдер жасау;

– тиісті органдардың тапсырмасы бойынша арбитраж сынақтарын өткізу;

– белгіленген тәртіппен аккредиттеу саласын кеңейту;

– тапсырыс берушілердің келісімшарт (шарт) шарттарын бұзған жағдайда, ЭҚЕЖБЗ қызметіне зиян келтіретін материалдарды сот органдарына беру;

«Мұхамеджан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы		
	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы туралы ереже П-01-2026	Шығарылған күні: 26.01.2026 ж. Редакция: 02	
		Бет 6 / 14	Ауыс. ____

- аккредитация белгісін пайдалану;
- аккредиттеу органына аккредиттеу саласын кеңейту немесе қысқарту туралы, кері қайтарып алу туралы, аккредиттеу аттестатын қайтару және аккредиттеу аттестатының қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен жүгінуге;
- аккредиттеу жөніндегі органға оның қызметкерлерінің әрекеттеріне шағымдануға және аккредиттеу мәселелері бойынша даулар туындаған кезде сотқа жүгінуге;
- Қазақстан Республикасында қолданылатын негізгі әдістемелік және нормативтік құжаттарды әзірлеу немесе жетілдіру, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға, белгіленген нормативтік талаптарға қайшы келетін өнім сапасын бақылау бойынша сынақтар саласындағы нормативтік құжаттардың, бұйрықтардың, өкімдер мен нұсқаулардың күшін жою туралы ұсыныстар енгізу;
- уәкілетті мемлекеттік басқару органдары, жеке және заңды тұлғалар ұсынған нормативтік құжаттарға сараптама жүргізу және өнім сапасын бақылау бойынша сынақтар саласындағы нормативтік құжаттардың жобалары бойынша қорытындылар дайындау;
- тапсырыс берушілер ЭҚЕЖБЗ қызметіне нұқсан келтіретін шаруашылық қатынастардың (өтінімдер, келісімшарттар (шарттар) және т. б.) шарттарын бұзған кезде материалдарды сот органдарына беру;
- зертхана құзыретіне кіретін мәселелер бойынша хат алмасуды жүргізу;
- белгіленген тәртіппен Университет атынан мемлекеттік органдармен, кәсіпорындармен, ұйымдармен, мекемелермен өзара қарым-қатынастарда ЭҚЕЖБЗ құзыретіне жататын мәселелер бойынша өкілдік етуді жүзеге асыру.

6. МІНДЕТТЕРІ

ЭҚЕЖБЗ міндетті:

- сәйкестігі аккредиттелетін нормативтік құжаттардың талаптарына жауап беру;
- сәйкестікті бағалаудың сапасы мен дұрыстығын арттыру;
- аккредиттеу саласы шегінде сынақтар жүргізу және хаттамалар беру;
- сынақ нәтижелерінің дұрыстығын, объективтілігін және талап етілетін дәлдігін қамтамасыз ету;
- тиісті мемлекеттік қадағалау органдарына адамдардың өмірі мен денсаулығының, азаматтар мүлкінің және қоршаған ортаны қорғаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін талаптар бойынша сынақтардың теріс нәтижелері туралы ақпаратты жеткізу;
- тапсырыс берушіге ол үшін жүргізіліп жатқан сынақтарды байқауға мүмкіндік беру;
- сынақтарды өткізудің белгіленген мерзімдерін сақтау;

«Мұхамеджан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы		
	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы туралы ереже П-01-2026	Шығарылған күні: 26.01.2026 ж. Редакция: 02	
		Бет 7 / 14	Ауыс. ____

- Қазақстан Республикасының аккредиттеу жөніндегі органының талабы бойынша өзінің немесе басқа зертхананың техникалық құзыреттілігін тексеру немесе растау үшін бақылау сынақтарын жүргізу;
- зертхананың қызметіне инспекциялық тексеру жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- сынақ нәтижелері бойынша ұсынылған шағымдардың есебін жүргізу;
- объектілерді сынау кезінде ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының аккредиттеу жөніндегі органына ЭҚЕЖБЗ заңды мәртебесінің, атауының, мекенжайының, ұйымдық құрылымының өзгерістері туралы уақтылы хабарлау;
- аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу негіздерінің бірі туындаған кезден бастап есептелетін күнтізбелік он күн ішінде, сондай-ақ аккредиттеу саласы қысқартылған жағдайда аккредиттеу жөніндегі органға аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу туралы өтінішті жаңа мәліметтерді көрсете отырып және кеңейтілетін облыста тиісті мамандардың, жабдықтардың, үй-жайлардың болуы туралы құжаттарды беруге;
- аккредиттеу аттестаты тоқтатыла тұрған немесе күшін жойған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Техникалық реттеу жүйесі мен аккредиттеу жүйесінде белгіленген талаптарға сәйкес объектілерді сынау жөніндегі қызметті дереу тоқтату;
- Қазақстан Республикасының заңнамасын және олардың сәйкестігіне аккредиттелген нормативтік құжаттардың талаптарын сақтау;
- аккредиттеу саласы шегінде жұмыстарды жүзеге асыру;
- аккредиттеу саласы шегінде аккредиттеу аттестатына сілтеме жасау;
- аккредиттеу жөніндегі органға бекітілген аккредиттеу саласындағы қызметті тоқтату немесе алдағы тарату туралы хабарлауға;
- аккредиттеу жөніндегі органның шешімімен белгіленген мерзімдерде аккредиттеу өлшемшарттарына анықталған сәйкессіздіктерді жою;
- инспекциялық тексеруді жүзеге асыратын адамдарға үй-жайға, жабдыққа, ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етуге және оларға өзге де қажетті жәрдем көрсетуге;
- аккредиттеу саласына енгізілген өнімнің зертханааралық салыстырмалы сынақтарына қатысу;
- аккредиттеу аттестатының қолданылуы тоқтатылған не кері қайтарылған жағдайда аккредиттеу аттестаты «сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімге қайтарылсын;
- аккредиттеу саласын кеңейту кезінде өтінішпен бір мезгілде аккредиттеу жөніндегі органға ("сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" Қазақстан

«Мұхамеджан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы		
	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы туралы ереже П-01-2026	Шығарылған күні: 26.01.2026 ж. Редакция: 02	
		Бет 8 / 14	Ауыс. ____

Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес) кеңейтілетін салада тиісті мамандардың, жабдықтардың, үй-жайлардың болуы туралы ақпарат ұсынуға;

– мынадай жағдайларда аккредиттеу материалдарын өзектендіруді жүргізу ("сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес) :

1) ЭҚЕЖБЗ құжаттарында көрсетілген нормативтік құжатқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу және (немесе) ЭҚЕЖБЗ құжаттарында көрсетілген құжаттың орнына жаңа нормативтік құжатты қолданысқа енгізу;

2) өнім мен бұйымдардың сәйкестігін бағалау саласындағы сынақтар бойынша жұмыстарды жүзеге асыратын мамандар құрамының өзгеруі;

3) өлшеу құралдары мен сынақ жабдықтарын ауыстыру; БЖ-не жауапты "сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы"ҚР Заңына сәйкес зертхана қызметі шеңберіндегі кез келген өзгерістер туралы аккредиттеу жөніндегі органға уақтылы хабарлау.

7. ЖАУАПКЕРШІЛІК

ЭҚЕЖБЗ жауапты:

- аккредиттеу талаптарының шарттарын бұзу;
- сынақтардың дұрыс емес нәтижелерін беру;
- тапсырыс берушілермен жасалған шарттардың талаптарын бұзу;
- сынақтар бойынша жұмыстарды сапасыз жүргізу.

Персоналға, үй-жайларға және қоршаған орта жағдайларына, сынақ әдістемелеріне, жабдыққа, өлшеулердің қадағалануына, үлгілерді іріктеуге, сынақ объектілерімен жұмыс істеуге, сынақ нәтижелерінің сапасын қамтамасыз етуге, нәтижелер туралы есептілікке қойылатын талаптарды қоса алғанда, менеджмент жүйесінің техникалық талаптарын сақтау. Осы Ережемен сынақ зертханасына жүктелген міндеттер мен міндеттердің сапасы мен уақтылы орындалуына, сондай-ақ берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін барлық жауапкершілікті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ЭҚЕЖБЗ меңгерушісі (БЖ үшін жауапты) көтереді.

8. ҮШІНШІ ТАРАП ҰЙЫМДАРЫМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Университет ЭҚЕЖБЗ өзара іс-қимыл жасайтын ұйымдар, сондай-ақ осы өзара іс-қимылдың рәсімдері мен функциялары 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. ЭҚЕЖБЗ үшінші тарап ұйымдарымен өзара әрекеттесуі

«Мұхамеджан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы		
	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы туралы ереже П-01-2026	Шығарылған күні: 26.01.2026 ж. Редакция: 02	
		Бет 9 / 14	Ауыс. ____

Ұйымның атауы және мекенжайы	Ұйым орындайтын процедура, функциялар	Осы рәсім айқындалатын құжат (хаттама, шарт, келісу және т. б.)
1	2	3
Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті 010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 11 үй, "эталондық орталық" ғимараты	Мемлекеттік бақылау	Қазақстан Республикасының Заңдары: "Техникалық реттеу туралы"; "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы"; Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті туралы ереже; Қазақстан Республикасының"
"Ұлттық аккредиттеу орталығы" РМК, Қабанбай батыр даңғылы 17, Е блогы, 9 қабат "Ұлттық аккредиттеу орталығы" РМК-ның Алматы қаласындағы Өкілдігі 050035, Алматы қ., Алтынсарин даңғылы, 83	Аккредиттеу материалдарын сараптау. Өтініш берушіні орналасқан жері бойынша тексеру Аккредиттеу. Жоспарлы бағалау	"Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Аккредиттеу алдындағы шарт № 160 және 07.04.2021 ж. Аккредиттеуден кейінгі шарт
"Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы" АҚ АФ ("НацЭкс" АҚ АФ) 050035, Алматы қ., Алтынсарин даңғылы, 83	Өлшеу құралдарын тексеру және сынақ жабдықтарын аттестаттау	07.04.2023 ж. №4319/18 шарт

«Мұхамеджан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы		
	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы туралы ереже П-01-2026	Шығарылған күні: 26.01.2026 ж. Редакция: 02	
		Бет 10 / 14	Ауыс. ____


Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша филиалы "КазСтандарт" РМК	Ақпараттық қызметтер көрсету және нормативтік құжаттарды өзектендіру	Шарт
"Greenesta" ЖШС Алматы қ., Жібек жолы даңғылы, 50	ДК/ЗС қатысу	Өтінім
Тапсырыс берушілер (меншік нысанына қарамастан кәсіпорындар) ұйымдар)	Сынақтар жүргізу аккредиттеу саласына сәйкес	Өтінім. Шарт. Үлгілерді іріктеу актісі.

«Мұхамеджан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы		
	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы туралы ереже П-01-2026	Шығарылған күні: 26.01.2026 ж. Редакция: 02	
		Бет 11 / 14	Ауыс. ____

А Қосымшасы
(міндетті)

«БЕКІТЕМІН»
Басқарма төрағасы – Ректор
«Мұхамеджан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ
2025 жылғы «26» Қаңтар

Ұйымдық-құрылымдық схема экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханалары



—————> бағыныштылық қызметті ұйымдастыру бойынша өзара іс-қимыл

.....> іс-шараларды ұйымдастыру бойынша өзара әрекеттесу

ЭҚЕЖБЗ меңгерушісі Дюсембин Е.А. Дюсембин Е.А.

«Мұхамеджан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы		
	Экологиялық қауіпсіздік және еңбек жағдайларын бағалау зертханасы туралы ереже П-01-2026	Шығарылған күні: 26.01.2026 ж. Редакция: 02	
		Бет 14 / 14	Ауыс. ____

Өзгерістермен танысу парағы

№ п/п	Лауазымы	Т.А.Ж.	Қолы	Күні